

ФИЛОСОФИЯНЫҢ ТАҢДАУЛЫ 25 КІТАБЫ

Георг В. Ф. Гегель (1770–1831)

3-тарау. Неміс философиясы





Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы

Тарау: 3. Неміс философиясы

Дәріс: 12. Георг В. Ф. Гегель (1770–1831)

Құқық философиясы (1821)

Гегель Штутгарт қаласында өмірге келген. Сол жерде орта білім алған. Еуропа тарихының алмағайып дәуірінде ғұмыр кешкен ойшылдың бүкіл шығармашылығына замана болмысы өзіндік із салды. Классиктердің соңы, замануи ойшылдардың көшбасшысы Гегель диалектиканы философияның басты әдісіне айналдырды. Дегенмен мәңгілік категорияларының мәнін түсінуге талпыныс жасағанымен, философ әрқашан өз дәуірінің перзенті болып қала берді...

Таңертең газет оқу Гегельдің күнделікті әдеті болған. Ой-өрісін дамытудың тамаша жаттығуы санаған осы ісін өзі «таңғы ғибадат» деп атайды. Француз революциясы кезінде, жас философ Тюбинген теологиялық институтының студенті еді. Ол Шеллингпен, Гельдерлинмен бірге оқыды. Революциялық өзгерістер рухы жас жігітті бірден баурап алды және үш дәуір сірескен философияның бұғауынан азат болып, жаңаша ойлауға ықыласын оятты. Гегель Берн мен Франкфурттың дәулетті отбасыларында шамамен жеті жылдай үй мұғалімі болды. Осы уақыт аралығында жинаған білімін қайта жинақтап, дүниеге өзіндік көзқарасын қалыптастыра бастайды. Ресми шіркеу доктринасын үзілді-кесілді теріске шығарып, «Исаның өмірі», «Христиандық рухы және оның тағдыры», «Халықтық дін және христиандық», «Христиан дінінің позитивтігі» секілді бірнеше еңбек жазды. Алайда бұл шығармалар философ бақилық болған соң ұзақ жылдардан кейін ғана жарық көрді. 1800 жылдан бастап Гегель Йена қаласына қоныс аударып, ондағы Шеллинг жұмыс істейтін университетте ұстаздық қызметке кіріседі. Екеуі бірігіп «Философияның сыни журналының» негізін қалайды. Шеллингтің Мюнхенге қоныс аударуына байланысты журналдың ғұмыры қысқа болды. 1807 жылы Гегель философиялық көзқарастарының негізін баяндаған ең алғашқы «Рух феноменологиясы» еңбегін жарыққа шығарды. Наполеонмен соғыс кезінде Йена университеті жабылып қалып, Гегель «Бамберг газетінің» редакторы қызметіне барады. Кейін 1816 жылға дейін Нюрнберг қаласында Корольдік лицейдің профессоры әрі ректоры қызметін атқарады. Осы кезде «Логика ғылымы» еңбегін жазады. Гегель 1816 жылы Хайдельберг университетінің профессоры болып тағайындалады. Сол кезеңде «Философия ғылымдарының энциклопедиясын» жазады. 1818 жылы ғалым Берлин университетінің профессоры атанып, Пруссияның ресми философы саналады. 1821 жылы ол «Құқық философиясын» жарыққа шығарады. «Бұл очеркті жариялауға түрткі болған басты себеп – тыңдаушылардың қолына құқық философиясы бойынша ресми оқитын дәрістеріме жол нұсқар қосымша ұсыну еді. Бұл оқу құралында менің шәкірттерге дәріс беру мақсатымен жазған тағы бір еңбегім – «Философия ғылымдары энциклопедиясының» мазмұнында берілген іргелі идеялар егжей-тегжейлі және жүйелі түрде баяндалады» – дейді Г.Ф. Гегель.

Алғы сөз

Гегель құқық философиясының өзіне дейінгі теориялардан айырмашылығын көрсетіп, дәуірдің маңызды қажеттіліктеріне өз жауабын бергісі келетінін мәлімдейді: «Алғаш үстірт көзқарас көбіне сыртқы тәртіп пен тыныштыққа сәйкес көрінуі мүмкін, өйткені ол заттар субстанциясына қатысты болмақ түгілі, тіпті оның бар екенін де білмейді...». Алайда «мемлекет терең білім мен түсінуді қажет етеді және бұл қажеттіліктерді қанағаттандыруды ғылымнан талап етеді». Ал бұрынғы өткен философтар: «ішкі адамгершілік, әдептілік пен ар-ожданның, жеке тұлғалар арасындағы махабат пен құқықтық қатынастарда, сонымен қатар қоғамдық тәртіп пен мемлекеттік заңдардың да бұзылуына алып келетін субъективті мақсат пен пікір, субъективті сезім мен жеке наным негізінде құқық қалыптастырды емес пе?».

Бұл ұстанымдар мемлекеттік қызметтің беделін түсіргеннен басқа ештеңе бермейді. Шенеулік жеке басының қамы үшін қызмет етпеуі тиіс. Мемлекеттік қызмет біліктілікті талап етеді. «Құдай қызмет берсе, ақылды да қоса береді» деген ескі мәтелге сүйеніп әрекет ету енді жарамайды. Алайда дәстүрлі заң ғылымы «философия қызметін төзімділікпен және ресми тіршілікпен қамтамасыз етуге» енді жеткіліксіз. Философияның қоғамда мойындалуы үшін ол «құқық пен міндеттер принципіне барынша байыптылықпен қарайтын және сол принциптер



Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы
Тарау: 3. Неміс философиясы
Дәріс: 12. Георг В. Ф. Гегель (1770–1831)

санасымен тіршілік ететін нақты дүниеге етене жақын...» болуы тиіс. Гегель үшін философия «о дүниелік негізді ұсыну емес, парасатқа жүгіну, болмыс пен айқындықты ұғыну...». Болмыстан бөлінбейтін парасат: «Бір мезетте өз болмысына және сыртқы тіршілікке ене отырып, парасат, идея синонимі – формалар, құбылыстар мен түзілімдердің шексіз қоры ретінде көрініс табады, ішкі тіршілігін байқау және оның сыртқы құрылымдардағы тынысын сезу үшін, ең алдымен, тек ұғымдар ғана кептеліп қалатын сананы торлаушы өзінің ядросын әртүрлі қабаттармен қоршайды» (Г.Ф. Гегель).

Сонымен Гегель сыртқы өмір қозғалысынан тәуелсіз болатын парасатты идеяны көрсетуге тырысады: «Бұл жұмыста мемлекет туралы ғылым болғандықтан, мемлекетті өзінше бір парасатты етіп, ерекше бейнелеуге талпыныстардың бары анық. Философиялық шығарма ретінде бұл жұмыс мемлекеттің қандай болуы керектігі туралы қатып қалған қағидалардан алшақ болуы керек; оның мазмұны мемлекетті қандай болуға үйретуге бағытталмауы тиіс. Оның мақсаты – мемлекетті, осы бір адамгершілік универсумын қалай тануды көрсету ғана».

Өйткені Гегель дәрістерінің мақсаты – мемлекетті моральды универсум ретін қалай тануға болатынын айтып жеткізу:

«Философияның міндеті – барды ұғыну, ал сол бар нәрсе – парасат. Жеке адамдарға келсек, онда, әрине, олардың әрқайсысы өз дәуірінің перзенті, философия да – оймен ұғынылған уақыт», – дейді Г.Ф. Гегель. Тек өз дәуірімен тығыз байланысты философия ғана ақиқатты айқындауға қабілетті. Одан әрі қалауынша жүре отырып, біз дүниені қалай көргіміз келсе, солай елестетеміз. Ал бұл енді философияға тән емес.

Кіріспе

«Құқық туралы философиялық ғылым құқық идеясын – құқық ұғымын және оның жүзеге асуын өзінің объектісі ретінде қарастырады» (Г.Ф. Гегель). Олай болса, объективті рухты зерттеуден алшақтай отырып, құқық философиясы адамның мәні барынша көрініс тапқан тарихи тұлғалардың іс-әрекеттерін сараптайды. Құқық дегеніміз – «жүзеге асқан еркіндік патшалығы, рух әлемі, олардан туындаған әлдебір екінші табиғат».

Гегельдің құқық философиясындағы негізгі ұғым – ерікүш кезеңде қалыптасады: бастапқыда ерік таза белгісіздік элементінен, «қажеттіліктермен, құмарлықтармен, құштарлықтармен немесе әлдеқалай табиғаттан берілген және анықталған кез келген шектеудің, мазмұнның жойылуынан; абсолютті абстракцияның шегі жоқ шексіздігінен немесе жалпыға ортақ, өзі туралы таза ойлаудан» тұрады. Содан соң «мен» оның анықталғанын байқайды. Кейін ол жалпы тіршілік етуге көшеді: «Бұл – шектіліктің абсолютті сәті немесе «мен»-нің даралануы». Ақырында ерік осы екі сәттің бірлігі ретінде байқала бастайды:

«...Өз ішінде рефлексияланған және ортақ ортаға оралған ерекшелік, даралық, «меннің» өзін-өзі тануы... «Мен» бір мезетте өзін-өзі терістеуші, дараланған, шектелген және өзімен-өзі тепе-теңдікте және ортақ ортада қалған, тек өзінде ғана анықталушы ретінде көрінеді... Ерік еркіндігі дегеніміз – осы...» (Г.Ф. Гегель).

Шешім ерікті тудырады. Еркіндік өзінше мазмұнға ие құбылыс ретінде ғана мүмкін бола алады. Бүкіл дүние «меннің» еркіне айналғанда ғана еркіндік жалпыға ортақ саналады. Гегельде құштарлық деген ұғым жоқ. Оның пікірінше, рухқа қарағанда адам еркін тіршілік иесі, себебі ол табиғи құштарлықтарын өзінің мінез-құлқына билетпейді. Біз ішкі табиғатымызды басқара білуіміз қажет. Бұл – христиандық ілімде айтылатын алғашқы күнәнің өтелуіне ұласқан сынақ. Бұл күнә болмағанда, адам еркін болмайды, өйткені өз еркіндігінің мәнін болжай алмас еді. Ерік «ондағы барлық жеке-дара шектеулер мен ерекшеліктер құрсауланғанда ғана» әмбебап болады. Еркін рухтың абсолютті түйсігі өзі үшін өз еркіндігін мақсат ретінде және өзіндік ерік болу үшін идея ретінде игеруінде жатыр. Құқық – Идея санатындағы еркіндік. Кіріспенің соңында автор өз жұмыс жоспарын баяндайды. Ол үш бөлімнен тұрады: абстрактілі немесе шартты құқық өрісі, субъективті және объективті мораль өрістері.



Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы

Тарау: 3. Неміс философиясы

Дәріс: 12. Георг В. Ф. Гегель (1770–1831)

Объективті мораль

Объективті мораль – өз-өзінде әрі сыртқы әлемде «еркіндік субстанция ретінде тек шынайылық пен қажеттілік қана емес, сонымен қатар субъективті ерік болып, тым жақсы» бейнеленетін Игілік идеясының тұтастығы мен ақиқаттығы. Объективті мораль негізінде парыз жатыр: «парызын өтеуде индивид еркіндік алып, субстанциялы еркіндікке қол жеткізеді». Гегель қоғамдық моральды жалпыға ортақ мүдде талабынан өрбітеді:

«Адамгершілік әркімнің табиғатынан дарыған жеке даралығынан өрбитіндіктен, ол – ізгі; индивидтің болған жағдайға қатынасына қарай, оның атқарып отырған міндетіне лайықтығы тұрғысынан көрініс табады, инабат дегеніміздің өзі – осы», – дейді Г.Ф. Гегель.

Моральдың объективті мәні дегеніміз – бір мезетте әрі тікелей рух, әрі бөлшектенген және феноменді рух, сондай-ақ «өзінің жеке еркінің еркін автономиясында әмбебап та, объективті де бола алатын» еркіндік іспетті Мемлекет. Гегель өзінің құқық философиясын қалайша құрғанын толығырақ көрсету үшін осы «объективті моральдың» құрамдас үш элементін қарастырып көрелік.

Отбасы

«Отбасы – рухтың тікелей субстанциясы ретінде өзінің болмысы арқылы іштей сезінетін тұтастыққа, махаббатқа ие, осылайша отбасындағы ішкі ахуал осы тұтастықтағы өзі үшін де аса мәнді саналатын өз даралығын және оның ішінде бейсауат жүруші емес, сол тұтастықтың мүшесі ретіндегі даралық келбетін тану қабілетінен құралады» (Г.Ф. Гегель).

Содан соң философ отбасының үш аспектісіндегі тіршілік қамын зерттейді: неке және оның сыртқы тіршілігі, яғни мүлік, сонымен қатар бала тәрбиесі және отбасының ыдырауы. Неке барша тіршіліктің ұйытқысы, «өмір, шын мәнінде, дүниеге ұрпақ әкелу мен оның өрбуінен» тұрады. Сондай-ақ бұл – ерлі-зайыптылардың одақтасуынан туындайтын рухани бірлестік, саналы махаббат.

«Некенің бастапқы субъективті бастауы осы қатынасқа түскен тараптардың не ерекше бейілдігі, не ата-ананың қамқорлығы мен белгілі бір деңгейдегі әрекеті және т.б. болуы мүмкін; бірақ оның объективті бастапқы нүктесі – тараптардың еркін одақтастығы, олардың «екі жарты – бір бүтін» болуға ерікті келісімі, бұл бірлестікте табиғи және жеке тұлғалық даралықтарының біразынан бас тартуы...».

Бұл тұтастық бір-бірінен ажырағысыз «субстанцияға» айналатын рухани дәнекерге негізделген. Неке одағы – кез келген келісім секілді, мүлікті ортақ пайдалануға алып келеді.

«Шын мәнінде, неке – моногамия, өйткені бұл қатынасқа жекедаралықтан бас тартқан және соған біржола мойынсұнған тұлға ғана түсе алады, бұл қатынастың ақиқаты мен жүрек тербер құдіреті екі жақтың оған шынайы берілуінен келіп шығады; тұлға өзінің құқығын өзгеге біржолата бердім деген түсінікке келеді, сол сияқты екінші жақ та осы түсінікті тең бөліседі, олар енді өздерін атомның бір түйіріндей тұтастықта сезінеді».

Неке құқығының классикалық проблемасына айналған отбасы мүлкі туралы мәселені қарастыра отырып, Гегель бала тәрбиесі мен некенің ыдырауы тақырыбына ауысады. Балалар некенің тұтастығынан пайда болады. Олар үшін отбасы – біртұтас дүние, себебі – олар әрқашан ата-ананың бірге болуын, олардың субстанциялы мәні саналатын махаббатын ғана елестетеді. «Балалар жаратылысынан еркін болмысты, олардың өмірінің өзі сол еркіндіктің тікелей көрінісі болып есептеледі». «Өйткені тек неке ғана өзі тікелей адамгершілік идеясы саналғандықтан субъективті ниет пен сезім тереңіндегі объективті шындықты иелене алады, оның өмір сүруіндегі бірінші кездейсоқтықтың өзі осында. «Балалардың жақсы азамат болып тәрбиеленіп, ұлдың шаңырақ иесі, қыз баланың ер-азаматқа жар боларлықтай өзінше отбасын құруға, жекеменшіктерін қалыптастыруға қабілетті, кәмелетке толған құқық иелері ретінде мойындалуы – міне, отбасының адами ыдырауының көрінісі осындай болмақ», – дейді Г.Ф. Гегель.

Осылайша, жаңа отбасы дүниеге келеді. Ескісі өзінің бастапқы негізіне қайта шегінеді: «... Олардың бірінші отбасы алғашқы негіз және бастапқы нүкте ретінде кейінге ығысады; тектік абстракцияның құқығы одан да аз». Бұдан әрі Гегель мұра мәселелесін қарастырады...



Азаматтық қоғам

Гегельдің дәрістер курсының бұл бөлімі ерекше қызығушылық туғызады. Буржуазиялық азаматтық қоғамды қарастыра отырып, философ экономика саласына айтарлықтай көңіл аударады. Бұл философиялық шығармада экономикалық мәселелер қарастырылған алғашқы жағдай еді. Гегель азаматтық қоғамды қажеттіліктер мен ақыл-ой өмірге әкелген Мемлекет ретінде анықтайды: «Өзінің тіршілік етуіне себеп болған жалпыға ортақ эгоистік мақсат жан-жақты тәуелділік жүйесін негіздейді, сондықтан өмір сүру тәсілі мен бірлестік игілігі және оның құқықтық нақты болмысы игілік пен құқық сынды тіршілік ету тәсілдерімен сабақтасқан, соған негізделген, тек осыған байланысты ғана ол шынайы және қамтамасыз етілген». Бұл анықтамада Гегель саналы түрде классикалық философия постулаттарынан бас тартады. Платон азаматтық қоғамның сипаттамаларын нақты анықтай алмады және осы турасында тек болжамдар ғана жасады. Азаматтық қоғам үш нәрсені қамтиды:

- Қажеттіліктер жүйесін. Қажеттілік жанамаланады және өз қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін адам еңбек етеді, сол еңбегінің арқасында өзгенің де қажеттіліктерін өтейді;
- Жеке мүлікті заңмен қорғау;
- Осы жүйедегі түрлі кездейсоқтықтарды болдырмау қамы және жалпыға ортақ ерекше мүддеге деген басты назарды полиция мен корпорациялар көмегімен жүзеге асыру.

Мемлекет

Гегель мемлекетті былайша қарастырады:

- ішкі мемлекеттік құқық ретінде. Патша билігін, үкіметті, заңды туындататын мемлекеттік құрылыс;
- бір мемлекеттің өзге мемлекетке қатынасы ретінде;
- мемлекет идеясы осы екі элементтің бірлігінде жүзеге асады және дүние тарихы процесінде өзінің болмысын өзіне танытады. Жеке құқық пен жеке мүдде, отбасы мен азаматтық қоғам қатынасында Мемлекет «сыртқы қажеттілік және олардың жоғары билігі» ретінде көрініс табады.

Мемлекеттік құрылысты құрайтын қоғамдық институттар «қисынды әрі ерекше еркіндік жүзеге асқан және өздерінде еркіндік пен қажеттікте түйіскен қоғамдық еркіндіктің ұстындары» саналады.

Патриотизмнің саяси сезімі – осы институттардың тікелей жемісі. Себебі мен олардан жеке және субстанциялы мүдделерім өзгенің – мемлекеттің мүддесі мен мақсатында сақталып, қолдау табатынын көріп отырмын, «нәтижесінде бұл өзге – мен үшін өзге емес және мен мұндай санада еркінмін». Бұл сезім бүкіл мемлекеттік институттарға да қатысты. Сондықтан да мемлекет жалпыға ортақ мүддені білдіреді. Өз пайымдауларының осы тұсында Гегель дін мен мемлекет арасындағы қатынастар туралы ескертпелерін жасайды. Оның пікірінше, мемлекет пен дін әртүрлі ұғымдарды білдіреді: «Дін абсолютті ақиқат мазмұнына ие, демек, дін саласына жоғары наным-сенім тән». Құдайды тануға ұмтылған түйсіну «бәрі осындай аспектіде ұғынылуын және өзінің расталуын, ақталуын, анықтығын содан табуын қалайтын талапқа ие». Мемлекет – шынайы образ бен дүниені ұйымдастыруда жүзеге асырылған нақты немесе табиғи рух ретіндегі құдіретті ерік... Демек, дін мен мемлекеттің қызмет салалары әрқилы, яғни олар бір-бірін жоққа шығаруды қажет етпестен-ақ қатар өмір сүре алады. Мемлекет өзінің бүкіл органдарында тұтастай уәкілеттік етеді. Мемлекеттік құрылыс оның барлық институттарын біріктіреді. Гегель оны әлдебір құдайдан берілген дүние секілді қарастырады:

«Жалпы алғанда, мемлекеттік құрылыс уақыттық өлшемде дүниеге келсе де, қандай да бір жаратылушы ретінде қарастырылмауы өте маңызды. Себебі ол – асқан кемел әлдене әрі өзіндік жаратылыс. Сондықтан ол бүкіл жаратылғандардан жоғары тұратын киелі құбылыс ретінде қарастырылуы тиіс» (Г. Ф. Гегель).



Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы

Тарау: 3. Неміс философиясы

Дәріс: 12. Георг В. Ф. Гегель (1770–1831)

Рух өзінің мәнін жете түсінгенде ғана шынайы бола түсетіндіктен, Мемлекет халықтың рухы бола отырып, сол халықтың бүкіл ғұмырын, индивидтердің әдет-ғұрпы мен санасын айқындайтын заң, онда «...белгілі бір халықтың мемлекеттік құрылысы оның өзіндік санасының сипаты мен кемелденуіне тәуелді; оның субъективті еркіндігі, яғни мемлекеттік құрылысының айқындығы осында». Содан соң патшаның жеке-даралығы, үкімет пен басқару органдарының ерекшеліктері және халықтың жалпыға бірдейлігі арасындағы нәзік тепе-теңдік ретінде мемлекет біршама нақтырақ зерттеледі. Өзінің өзге мемлекеттермен қатынасында: «мемлекет жеке-дара субъект саналатындықтан өзінің сыртқы бағыт-бағдарын айқындайды.

Билеушінің қарулы күштерді басқару, елшілер арқылы өзге мемлекеттермен қатынасты реттеу немесе соғыс ашу, бітімге келу, сондай-ақ өзге де келісімшартқа отыру сынды тікелей құқыққа ие болуы оның өзге мемлекеттермен қатынасындағы құзыретін белгілейді».

Халықаралық құқық суверен еріктердің бірігуі мен келісімінен келіп туындайды. Дүниежүзі тарихын Гегель ерекше заттарды өзінің тиісті орнына қойған ақылдың шешімі ретінде қарастырады:

«Дүниежүзі тарихы – тек еркін рух ұғымынан, ақылдың даму сәттерінен келіп шығатын қажеттілік, сонымен бірге рухтың өзіндік санасы мен еркіндігі – жалпыға бірдей рухтың түсіндірмесі мен жүзеге асуы» Г. Ф. Гегель.

«Құқық философиясын» Гегель жігіт ағасы болған кезінде жазды, сондықтан оны 1821 жылғы құқықтық ойдың ахуалына тән шығарма деп санауға болады. Бірақ бұл еңбектің Гегель философиясындағы орнын түсіну үшін, оның логика ғылымымен тығыз байланысты екенін естен шығармағанымыз жөн. Сондықтан да Гегельдің құқық философиясын түсіну үшін, оның негізінде жатқан логикалық құрылымдарды қарастыру қажет.

«Құқық философиясының» диалектикалық логикасы

Шындығында, логика ғылымы – Гегельдің бүкіл философиясының өзегі. Философтың логикасы әдеттегі логикаға да, тіпті кейде диалектикалық логикаға да сәйкес келе бермейді. Дегенмен онда диалектикалық логикаға тән белгілер мен оның көпқырлы салдары дәл суреттеледі. Сондай-ақ Гегельдің логикасы – әдіснама, метафизика, табиғат пен тарих заңдарының құрылымы, абсолют туралы ғылым. Ол – бәрін қамтушы жүйе. Гегель нақты логика, яғни шартты күйде қалып қоймайтын мазмұнды логика шеңберінде ойланады. Форма мазмұнды туындатады және керісінше. Бұл – болмыс пен ой бір-біріне көшетін және бір-біріне сіңісетін ойын. Логика – құрал емес. Оның өзі – ойлау. Тарихтағы таза ақыл, өзіндік және өзі үшін «ақиқат», ұғым қозғалысы дінде, демек, түсінікте де «дүниені жаратқанға дейінгі Құдайдың ойы» деп қабылданатын ойға ұқсайды. Диалектика – әдіс, ол қажетті даму барысына ілесіп отырады және нақты күйде не рухани уақыттан тыс әлемде, не рухтың объектіленуінде көрініс табады. Бұл ескертпелер – «Құқық философиясы» негізінде жатқан жүйе құрылымының кілті. Гегель өзінің логикалық жүйесін Берлин университетінде оқығандәрістер курсына сәйкес бейімдеді. Бұл курста ойлаудың мүмкін мәндері, әсіресе адам болмысының алуан түрлі формалары, кереғарлықтары қарастырылады. Сондықтан «Құқық философиясы» – аса мазмұнды шығарма, себебі оның объектісіне құқық философиясы тұрғысынан қарастырылған қазіргі бүкіл әлем кіреді. Бұл жүйе тым тұйық емес пе? Мұнда құқыққа қаншалықты орын берілген?

Гегельдің осы кітапта құрған моделіне сәйкес, тарихта «бәрі рационалды түрде жүзеге асады», соның ішінде, шектеулі ақылға иррационалды, абсурдты немесе әділетсіз болып көрінетін құбылыстар да бар.

Марксистік дәстүрде іліп әкетіп, кеңейтілген тарихқа деген мұндай түсінік құқыққа жанды, дамушы ой ретінде орын қалдырмайды. Гегель бәрін айтып кеткен ғой. А. Рено өзінің «Құқық жүйесі» шығармасында атап көрсеткеніндей: «Егер тарихи процесс парасатты заңға бағынатын болса, онда тарихтың барлық ағымы қажетті болар еді, демек, болған дүниенің бәрі, шын мәнінде, қалай жүзеге асса, дәлме-дәл солай жүзеге асуы тиіс еді.

Басқаша айтқанда, тарихты «болу» мен «болуға тиістінің» арасындағы алшақтықты жоятын «ақыл айласы» теориясы анықтайды, демек, тіпті фактілер реті мен құндылықтар ретінің



Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы
Тарау: 3. Неміс философиясы
Дәріс: 12. Георг В. Ф. Гегель (1770–1831)

айырмасына да күмән келтіріледі». Осыған орай А. Рено мұндай жүйе тек «әлемге деген адамгершілікті көзқараспен» ауыр қақтығысқа түсіп қана қоймай, қиянат пен әділетсіздікке де қарсы тұруға жол бермейді, қандай жағдай болсын ақыр соңында тарихи процесте Игілік жүзеге асады – себебі ол тарихта жүзеге асатыны анықталып қойған дүние деген қорытынды шығарады. Сонымен бұл тұжырымдама «әлемге деген заңды көзқарасты» қиындата түседі. Ол құқық үшін фактіге қарсы тұруға, саяси шындықты және т.б. құқыққа бола кінәраттауға мүмкіндік бермейді. Мемлекетке қатыстысын айтар болсақ, «Құқық философиясынан», сөзсіз, заңдық позитивизм келіп шығады. «Мемлекетке қарсы қойылған тұлға ретіндегі адамның табиғи құқығының қазіргі жаңғыруына» назар аудара отырып, А. Рено құқыққа келгенде әлдеқайда ашық сипаттағы Фихтенің жүйесіне оралғанымыз жөн деп есептейді. Біз бұл пікірталасқа қатыспаймыз. Маркс пен Энгельстің идеологиялық жүйесіндегі құқықтың орны туралы айтқандарымызды қанағат тұтамыз. Біз Гегельдің құқыққа қатысты ұстанымы әлдеқайда күрделі, әлдеқайда нақты болды деп санаймыз және бізге А. Реноның Гегельге қатысты сынына қарағанда, Маркс пен Энгельске қатысты сыны әділ тәрізді. Дегенмен Гегельдің жүйесі, шындығында, барынша тұйық және жеке-дара тіршілігінде кездейсоқтыққа орын қалдырмайды десе де болады.